


Д2005

5888 к

Әбдеш ҚАЛЫМЫРЗАЕВ

ЗАМАН
ЖӘНЕ
БІЗ



Әбдеш ҚАЛЫМЫРЗАЕВ

ЗАМАН және БІЗ

*Публицистикалық
ой-толғаулар*

“Елорда”
Астана — 2004

Қалмырзаев Ә.

Қ 28 ЗАМАН ЖӘНЕ БІЗ.

Астана; Елорда, 2004. — 288 бет.

ISBN 9965-06-360-5

Белгілі публицист, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдеш Сәрсенұлы Қалмырзаевтың бұл кітабында қазіргі заман мен адамдардың арақатынасы, бірінің-біріне өзара әсері көрініс тапқан. Өйткені әр заманның өзіне тән оркениеті, рухани болмысы, өзіне ғана еншілі ерекшеліктері, қызығы мен қиындығы болады.

Ал заманды адамдар жасайды, оған сапалық мазмұн мен әр беретіндер де солар. Оз кезегінде заман да өз тұтастарына қалыптасқан әлеуметтік ортаның, экономикалық-рухани әулеттің күшімен өз ықпалын жасайды. Заман мен адамдар біртұтас өзара тығыз қатынаста болады.

Кітапта заманның сипаты, демократияның, тәуелсіздіктің жасампаз істері, жаңа заман адамдарының іс-қимыл, мінез-құлықтары, тұлғалары көрініс табады.

Кітап зиялы қауым өкілдеріне, студент жастарға, еліміздегі болып жатқан құбылыстарға зер салып отыратын қалың оқырманға арналған.

Пікір жазған: **Жұмабек Кенжалин,**

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Қ 4702250200-295
450(05)-04

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-06-360-5

© Қалмырзаев Ә., 2004
© “Елорда”, 2004



I. ҰЛТ РУХЫ—ҰЛЫ КҮШ

ЗАМАН ЖӘНЕ БІЗ

Заман деген сөзді ауызға жиі аламыз. Шіркін, біздің заман-ай! Заман өтіп барады-ай! Жаңа заман туады. Заман біздікі. Өз заманының адамы. Оның заманы туды және т. т. Осы тіркестерді жиі пайдаланамыз. Бірақ, осы тіркестердегі “заман” деген сөзге жете мән беріп жатпаймыз. Көбіне “уақыт” деген ұғымда түсінеміз. Шын мәнінде, “заман” бұл ұғымнан әлдеқайда кеңірек.

Уақыт, кеңістік және қозғалыс деген ұғымдар да философиялық категорияларға жатады. Солай болса да “уақыт” сөзі “заман” ұғымына толық синоним бола алмайды.

Олай болса, “заман” деген ұғымды қалай түсінеміз? Сол заман мен біздің арақатынасымыз қандай болмақ? Біз бен заман арасы қандай байланыста? Бұл екеуінің ара жігі қандай?

Адам баласы жаратылғаннан бері тіршіліктің сан түрін бастан кешіріп келеді. Көне тарих бәрін бауырына басып, бір өзі иемденіп жатыр. Адам адам болғалы бейнет пен тірлік үстінде. Бар көздегені — өзінің өмір сүруінің, ұрпағының жалғасуының, жер бетінен жоқ болып кетпеуінің қамы, тіршілік-тынысын жеңілдетіп, ауыр бейнет-мехнаттан құтылу, сайып келгенде, қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын заманды армандап, сол жолда маңдай терін тоғіп, ілгері ұмтылу.

Бұл жолда адам баласы барлық амалды, айла-шарғыны, ақыл-ойының жетістігін түгел іске жұмылдырып келеді. Нұрлы өмірді көксеген адамдар ұрпағы бұл жолдан еш тайған да, жаңылысқан да емес.

Мемлекет не билік берген құқығынан өзге адам өзінің табиғи тол құқығын — өмір сүру құқығын емін-еркін пайдалануға тырысады. Адам тарихты жасайды. Тарих дегеніміз — уақыт. Адам кеңістікте өмір сүрс, тіршілік ете отырып, уақыт олшемін басынан кешіреді. Уақыты озған соң жарық дүниеден кете барады. Осы уақыт ішінде көп еңбек етеді, материалдық және рухани байлықтарды өмірге әкеледі. Адам өзі олгенмен, оның жасаған осы байлығы уақыт тезінен сұрыпталып өтіп, кейінгі ұрпаққа қызмет етеді.

Адам мәңгілік болмағанмен, адамзат мәңгілік болып табылады. Жексе адам дүниеден өтуі мүмкін, ал адамзат мәңгі өмір сүреді. Ұрпақ жалғаса береді. Бір ұрпақтың жасаған құндылығы екінші ұрпаққа ауысады. Тағы солай қайталана береді. Бұл тарих деп аталады. Тарихтың өзі түрлі кезеңдерден, замандардан түзіледі. Әр заманның өзіне тән өркениеті, рухани болмысы, өзіне ғана еншілі ерекшеліктері, қызығы мен қиындығы болады. Әр заман белгілі тарихи құбылыстармен, даралық құндылықтармен ерекшеленеді. Әдетте мұны, заманның түр-әлпетін, мәнін, мазмұнын адамдар құрайды.

Заманға сапалық мазмұн мен әр беретіндер де адамдар. Ал өз кезегінде заман да өз тұтастарына қалыптасқан әлеуметтік ортаның экономикалық-рухани әлуеттің күшімен өз ықпалын жасайды. Заман мен адамдар біртұтас өзара тығыз қатынаста болады. Біріне-бірі өзара ықпал жасайды. Тарихты адам жасайды. Тарих әр түрлі кезеңдерден, белестерден тұрады.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан басынан кешіріп отырған заман да өз ерекшеліктерімен тарихқа енеді.

Сонымен, бүгінгі заман қандай заман? Біз куәсы болып отырған жаңа заманға неге жұрт бірыңғай қарамайды.

Откен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында еліміз тәуелсіздік алып, егемен ел болғанда қуанбаған адам аз болған шығар. Бірақ, бұл қуаныш ұзаққа бармады. Елді қымбатшылық жайлады, қоғам байлар мен кедейлер болып жіктелді. Тәртіп азайды, ұрлық көбейді, бұрынғы бағаланып келген құндылықтардың аяғы аспаннан келді. Бұрын адал еңбек етіп, маңдай терімен тапқан шамалы жалақысына қанағаттанып, қалтасына қарай тұрмыс құру айыпқа саналмады, мұны ешкім өзіне ар санамады. Керісінше, елді алдап, қоғамнан жымқырып, мемлекеттің көзін бояп, жанама пайда табушылар, қызмет орнын, лауазымын жеке басының қамына пайдаланушылар көпшілік қарғысына душар болып, қоғамдық пікір оларды қара тақтаға жазып қоюшы еді. Паракорлық, арамзалық, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен тірлік кешушілерге көпшілік жылы қабақ танытпаушы еді.

Енді, жаңа заман туғанда оншақты жылда адам “құлпырып”, құбылып шыға келді. Жұмыстың көзін білушілер емес, ептілер, жылпостар, халықтың көз жасына қарамай, жеке бастың шексіз баюын, жан рақатын жоғары қоюшы шағын топ алға суырылып шыға келді.

Жоғары жаққа құдайдай сенетін қалың жұртты биліктің тұтқасына ие болған “байлардың”, жаңа атқамінерлердің қомағай қалпы бірден шошытып жіберді. Жетпіс жылда жиналған мемлекет пен халық байлығы ту-талапайға түсті. Кешегі мәйегі шығып, енді

есін жиып келе жатқан ауылдар, Мамай шапқынынан немесе Қалмақ қырған заманынан қалғандай, жүдеп-жадап шыға келді.

Осындай сұрқайы, жұпыны көрініс елді есенгіретіп, соғыстан кейін жұртта қалған панасыз қорғансыздар кейпіне түсірді.

Билік пен оны қолдап-қуаттаушы зиялы қауым өкілдері халықты “жұбатып” бақты: қайран елім, қазағым, заманның қиындығына мойыма, жүнжіп, жабағы тышпа, ел де өзіндікі, жер де өзіндікі. Тәуелсіз ел болдын. Есінді жиятын, етегіңді жабатын кез алыс емес, сәл-пәл сабырлылық көрсет, өзім дегенде өгіз қара күшім бар деген емес пе, қайратыңа бас, қиындыққа қасқайып қарсы тұра біл. Біз әлемдегі әлуатті бірден-бір ел боламыз. Жеріміз бай, өзен-суымыз, қазба байлығымыз көп, мұнай мен газ, мыс пен мырыш, көмір мен темір жеткілікті. Осы ұшан-теңіз байлықты елдің ырзығына жұмсаймыз. Кешегі Кеңес бұған мүрсат бермеп еді, енді, қолымызды қағар, бетімізге келер ешкім жоқ. Біз егемен елміз, Тәуелсіз мемлекетпіз. Қазақ елінің болашағы күшті, бәрін де өз қолымызбен жасаймыз. Қаңырап қалған қаланы да, азып-тозған ауылды да, еліміздің жаңа ордасы — Астананы да әлем көзін ашып-жұмып, таңданатындай етіп құлпыртып жібереміз. Айналайын туған халқым, сабырға кел, беліңді буып, рухыңды көтере түс, ар-уақтарға сиын, қазағым бұрын кім болмаған, көшпенділер қатарында ат үстінде жүріп, батырлығымен, төзімділігімен көзге түскен, көшпенділердің бір ұлы Мысыр елінің тұтқасын ұстаған, сонда сұлтан болып жүріп те, өз елін, туған топырағын бір сәт естен шығармаған. Ақыры өз еліне оралып, дала жусанының исін иіскеп, дүние салған.

Туған ел үшін, қасиетті қазақ жері үшін, соның тәуелсіз түтін түтетіп, түтінінің түзу шығуы үшін аз-кем қиындыққа бола тұнжырама, битке өкпелеп тоныңды отқа салма, жаңа заманның — тарихтың күрт бетбұрысының ыстық-суығына қабақ шытпа, — деп билік үнемі үйретумен, еске салып, салиқалы ой айтумен болды. Халық екі жар күй кешті. Биліктің айтқан өсиетінде мін жоқ, отаншылдық сезімді қоздырар, көңілге қонатын жайлар. Кітапқа алтын өріппен жазып қоятын әсерлі уағыздар, жұртшылық биліктің сөзіне құлақ асып, тәубаға келіп, бәсе солай болуы керек қой, битке өкпелеп өз тонымызды өзіміз неге отқа саламыз, уақытша қиындыққа бола өз еліміздің тағдырына неге сезікпен қараймыз, белді бекем буып, тірлік қамын жасайық, деп тәуекелге бел буып, кәсіптің түр-түріне ынта қояды.

“Молданың істегенін істеме, айтқанын істе”, деген мақалды халық тауып айтқан-ау, деп қояды мұны көргенде көпшілік. Халық енді, жаңаша тірлік етуге кіріскенде, өмірдің нағыз шындығына тап болады. Аузымен жұмақты орнатуға сөз берген шенеуніктер

іс жүзінде басқаша мінез көрсетеді. Өздері байып, өздері жалғанның рақатына батуға бейім тұрады. Түйені түгімен жұтуға әзір. Ешкімнен қымсынбайды. Халықтың да, құдайдың да қарғысынан қорқатындар атымен жоқ деуге болады.

Тәуелсіздік, тек осыларға еркіндік бергендей, өздерін елдің кожасындай сезінеді. Анасының жатырынан түскені кеше, бүгін өзін бірден осы өмірдің жаратушысындай кейіп танытады.

Мұны көрген, қасаң тартқан кәрі ұрпақ мына заманға күдікпен қарап, тәуелсіздіктің таңы атқанына біз неге қуандық. Көргеніміз, күткеніміз осы ма еді? Жастар біз жасаған байлыққа иелік етіп, өзімізді күні біткен, тозығы жеткен ескі киімдей қоқысқа лақтырып тастау үшін осы байлықты жасадық па, тәуелсіздікке осы үшін қол шапалақтадық па? — деп таңырқап қалды. Тәуелсіздікке тосырқай қарау сезімі қоғамның біраз бөлігін жайлағаны жасырын емес.

Сонда, бұл үшін тәуелсіздік кінәлі ме? Тәуелсіздік елдің бөріне еркіндік әкелмей, ат төбеліндей байлардың ғана бағын ашу үшін келген көктемгі сүгірдің желі ме? Ғасырлар бойы ата-бабамыз аңсаған азаттықтың сыйлағаны осы әлеуметтік теңсіздік пе? Біреуге жұмақ, біреуге жұпыны тіршілік, біреуге — үмітсіз, қайырсыз өмір сыйлағандық па?

Тәуелсіздіктен қалың елдің күткені осы ма? Бүгінгі өмірдің сыртқы құбылысы мұны жоққа шығара алмайды. Ащы шындық бетке ұрып, мұны айғақтап тұр. Біреулер тойып секіреді, біреулер тонып секіреді. Бұған қалай көз жұмып қараймыз. Кекірегі азып тойынғандар да бар, тұрмыстың тақсыретін тартып, бұл өмірден түнілушілер де жеткілікті. Соны көрмегендей көз жұмып жүре береміз бе?

Әлде шындықтың бетіне батыл қарап, мұны мойындап, Тәуелсіздіктің бұған төрт қайнаса сорпасы қосылмайтынын айтып, тәуелсіздік пен әлеуметтік әділетсіздіктің екі басқа дүние екендігіне қалың көпшіліктің көзін жеткізу, яғни, жаңа заманның шын сырын ашып көрсетудің үлкен мәні бар екені белгілі емес пе?

Тәуелсіздікті уақытша қиындық, қоғамдық өмірде сапырылыс әкелді деп, одан түнілуге бола ма? Сан ғасыр бойы ата-бабамыз аңсап күткен, қасық қанын сарп еткен бостандықты бір күнде, бірер жылда керексіз ете салмақпыз ба? Соншама ұрпақ кәстерлеген, арман еткен азаттық халқымызды қас қағым сәтте жирентіп тастады ма? Мұның сыры мынада: Тәуелсіздіктің шын мәнін жете ұға алмай, оны тар ұғымда түсініп жүрген сияқтымыз. Тәуелсіздік сыртқы әлемнен есікті тарс жауып алып, енді, бізге ешкімнің керегі жоқ, өз күнімізді өзіміз көреміз, ешкімнің ақыл-кеңесінің, ықпа-

лының қажеті жоқ, ежелгі ұлттық дәстүрді тірілтіп, соның негізінде ғана өмір сүреміз. Жеріміз кең, табиғат байлығымыз мол — өзіміздікі өзімізге молынан жетеді. Қазба байлығымызды өзіміз өндіріп, ел игілігіне асырамыз, байлыққа белшемізден батамыз деген түсінік тәуелсіздіктің шын идеологиясы, негізгі қағидасы емес.

Тәуелсіздік бізге халықаралық қоғамдастықтың әлем таныған бір мүшесі ретінде халықаралық құқығымызды емін-еркін пайдалануға ғана мүмкіндік береді. Ал әлемдік өркениет таныған, мойындаған қағидалар тәуелсіз Қазақстанның өмір сүруінің негізгі ережесі ретінде қала береді. Сондықтан да тәуелсіздікті ел ішінде болсын, сыртқы қарым-қатынаста болсын ойға не келсе, соны істеу деген ұғым тұмауға тиіс. Біздің ішкі де, сыртқы да тіршілігіміз мынау жаһандасу заманында бүкіл әлемнің көз алдында отиіп жатады. Әлем саған деген қозқарасын, қарым-қатынасын, экономикалық байланыстарын еліміздің қоңіл-күйіне, демократиялану деңгейіне, өркениетті құндылықтарды басшылыққа алуымызға қарап қатынас жасайды. Көршілік ауыс-түйістерге, тауар-зат алмасуларға, ыдыс-аяқ ауыстыруларға барады.

Әлем жұртшылығы еліміздің тәуелсіздікті өркениетті деңгейде түсініп-қабылдауына баса зейін қояды. Оны біржақты, сыңаржақ түсініп, тоңмойындық, қасандық мінез көрсететін болса, одан ығысып, сусып, сырт беріп, іргесін аулақ ұстай бастайды.

Әлемде “ашық қоғам” құру идеясы кең қолдау тауып отыр. Ашық қоғам демократиялық құндылықтардың орнығуына, қалыптасуына бірден-бір қолайлы жағдай туғызады, әлемде түсіністіктің артуына көмектеседі. “Ашық қоғам” идеясы негізінен ілгерішіл оңды үрдіс болғанымен, оның да барлық елдер үшін оңтайлы бола бермеуі мүмкін. Ашық қоғам елдердің бір-бірімен емін-еркін араласуын, сауда-саттық жасауын, мәдени-ғылыми құндылықтармен еркін алмасуын қамтамасыз етеді. Бұл алмасулар кезінде адамдар тығыз қарым-қатынасқа түседі. Қарым-қатынас кезінде заттар, товарлар алмасып қоймайды, сонымен бірге әдет-ғұрып, мінез-құлық, салт-дәстүр, тіл, өнер, киім кию үлгілерімен де алмасады. Біріне-бірі ықпал етеді.

Мәселен, И. Тургеневтің “Дворян ұясы” романының кейіпкерлерін алайық. Адамдардың тұрған, араласқан ортаның әсеріне, “ауруына” шалдығатынын жазушы шебер суреттейді. Кітаптың бас кейіпкері Федор Иванович Лаврецкийдің әкесі Иван Петровичтің өзі ұзақ жылдар Ұлыбританияда тұрып, Россияға англоман болып оралады. Оның бүкіл оң-бойынан осы елдің иесі аңқып тұратын. Бірақ, ол өз елін нашар білсе де, Россияның патриоты сезінетін...

Кешікпей оның тәрбиесін алған баласы Федор Иванович те шетелде ұзақ болып, еліне жат елдің әдет-ғұрпын сіңіріп, туған еліне ағылшыңқұмар болып, “жаңа мінезбен” оралады.

— Ал, бәрі жақсы болсын! Мысалы, сіз Россияға қайттыңыз, сіз не істемек боласыз? — деп сұрайды одан Паншин.

Лаврецкий:

— Жер айдаймын және шамам жеткенше жақсы айдауға тырысамын! — деді.

— ...Бірақ, білесіз бе! Мұндай кәсіпке жұрттың бәрі қолайлы келе бермейді... (М. Әуезов, 14 т. 103 бет).

Россияға сыншыл көзқарас бұл сөздің иесі Паншинге мейлінше тән еді. Ол Россия Европадан артта қалды, алдыңғыны қуып жету керек. Бізді жас дейді — ол жалған; бізде және тапқырлық жоқ; X — в-овтің өзі айтуынша, біз, тіпті, тышқан қақпанын да ойлап шығарған емеспіз. Бәрін өзгеден алуымыз керек... Ендеше, біз амалсыздан өзгеге еліктейміз. Лермонтов біз дерттіміз дейді, мен сонысына қосыламын, дертіміз-жартылай ғана европаландық, неден мертіксек, сонымен емденуіміз керек... (сонда, 102 б.) — дейді ол. Россияның бүкіл тағдырын ол Европамен байланыстырады.

Мұның Россияны кемсітуі ғашық болған қызы Лизаның жиіркенішін туғызады. Өз халқын, елін менсінбеушілікке романның келесі бір кейіпкері неміс Христофор Теодор Готлиб Лемм бейнесі қарсы қойылады. Россияға жиырма сегізінші жылдары қоныс аударған оған еліне қайтуға кеңес бергенде, мұндай бейшара, келдей күйінде қайтып оралмай, ол жиырма жыл бойы өз бақытын сынаудан — Отанына оралу сезімінен бір ажырамады. Қаншама тапшылық тақсыретін тартса да, еліне оралу сезімі оған күш берді, демеп сүйеді. Өзі, мейлінше, жек көретін Россиядан кету үміті үзілгенде, О. қаласында қоныс теуіп, мәңгілікке осында қалғанын сезініп, музыка сабағын беріп, тапқан қаржысына өлместің күнін көріп, талшық етуді қанағат тұтқан еді. Жоқшылық, жетіспеушілік тұзағына түскен неміс шалы ақырында барды қанағат тұтып, еліне оралу бақыты бұған бұйырмағанына көндігеді. Қайыршы күйде еліне оралуды ар санайды. Ұзақ жылдар сотті сағатты күтеді, бірақ, оның соті түспейді.

Әр адамның мінезінде, ісінде, қимылында уақыт табы болады. Уақыт оз дегенін істейді. Уақыт бетке әжім ғана салмайды, мінезіне де өз мөрін басады. Тауық екеш тауық та бұл заңға бағынады.

Осы кітаптың бір кейіпкері Сергей Петрович Гедеоновский: осы күнде аярланбайтын кім бар екен, тауық та дән көрсе қулық-

пен ұмтылады. Заман солай емес пе? Менің бір аса құрметті досым... айтушы еді, бұл күнде тауық та дән көрсе, қулықпен ұмтылады, тура бармай қырындап келуге тырысады деп. (Сонда. 10 бет). Міне, адам да солай. Тауық құрлы жоқ па? Ол да жан-жағына сақтықпен қарайды. Оңтайын күтіп, әркім-ақ епті болуға тырысады. Он шұқып, жан-жағына бір қарайды. Бұл — Уақыт, Заман, Шындық үйреткен әдет-дағды.

Одан қашып құтыла алмайсың. Оны жою үшін жағдайды, қалыптасқан ережені өзгерту керек. Ереже бойға, төнге жылдар бойы сіңген. Ол үстіңе киген койлек емес, ескірген соң шешіп тастайтын. Бойға сіңген дағдыны бір күнде өзгерте алмайсың. Адам тіршілік етуінің бір қиындығы да, ерекшелігі де осында жатыр емес пе!

Сонымен, адамға уақыт қана емес, кеңістік те — өмір сүрген ортасы да өз әсерін тигізбей қоймайды. Бірақ, әсердің бәрі оң немесе теріс болуы мүмкін емес. Оң, пайдалы ықпалдар да, жағымсыз, теріс ықпалдар да аз болмайды. Адамның соның бәрін қабылдай бермей, іріктен, сұрыптап, ой елегінен өткізіп, өзіне жаққандарын ғана қабылдауға мүмкіндігі бар. Ол үшін адамның иммунитеті, қарсы тұрарлық қабілеті күшті болуы керек. Ұлттың болмысынан айрылып қалмауы үшін, әрбір адам өзінің тол мәдениетін, тілін, дінін, ділін, әдет-ғұрпын жасынан бойына мол сіңіруі қажет. Сонда ол кез келген сыртқы ортаның тұтқынында қалып қоймайды. Өзіне керектісін, өз бойындағы әлуетті толықтыратын, ой-өрісін кеңейтетін құндылықтарға ғана ден қояды. Ал сыртқы жылтырақ, ішкі мазмұны жоқ, жасанды, өткінші модалық құбылыстарға бой алдырмайды. Ашық қоғам идеясын уағыздаған сайын, біз өзіміздің ішкі тұтастығымызды құрайтын құндылықтарға баса назар аударуымыз керек.

Ал, бұл ұлттық құндылықтар халқымыздың кокейтесті мүдделерін бейнелей отырып, ол үнемі жетіліп, өсіп, дамып, байып отырғанда ғана уақыттың, заманның талабынан кейін қалмайды. Ашық қоғам ұлттық құндылықтарды қолдай отырып, оның әлемдік ықпалдасу есебінен толығып, жаңғырып отыруын ескереді, басшылыққа алады.

Ашық қоғамды құру үшін қоғамның әрбір мүшесі өз міндеттерін, тарих, ел алдындағы борышын, қарызы мен парызын жете ұғынулары керек. Бұл үшін қоғамның әр азаматы дүннежүзілік оркениет дәрежесінде ойлай, әрекет ете білулері керек. Ойткені кез келген заманды жасайтын да, оның тарихи сахнасының кейіпкерлері де — адамдар. Заманға әр, нәр, мазмұн және қуат беретіндер де солар.

Сондықтан да біздер бүгінгі заманды сөз еткенде, оны бүгінгі адамдардың тіршілік-тынысынан, ой-өрісінен, іс-қимылынан бөліп алып қарауға болмайды. Заман туралы толғауымыз адам туралы, яғни — сіз бен біз — туралы ой-толғаныстарға келіп саятыны белгілі.

Заманды сынаймыз, мінейміз, қатігез болып кетті, жыртқыштық сипат алып барады, гуманистік сипатына дақ түсті, адамның бір-біріне ықыласы, ілтипаты азайды. Заман қасқыр болып барады. Тез оны ақылға келтіру керек, әйтпесе адам ұрпағы азып, озбырланып кетуі мүмкін, деген ашулы сөздер аз айтылып жүрген жоқ. Сонда заманның адамға сырт беріп, қатігездене түсуіне кім кінәлі? Көктегі жұлдыз ба, аспандағы ай ма? Әлде Марстағы органикалық немесе минералдық дүниелер ме? Әрине, жоқ. Мұның бөріне кінәлі сіз бен біз, яғни адамдар.

Демек, бөріне өзіміз кінәлі болғандықтан, біз өркениетті өмір сүру үшін не істеуіміз керек? Мәселе — осында. Мәселе — осы өз парызымыз бен қарызымызды анықтай білуімізде, соны айқын терең сезінуімізде.

Сол жайлы ойланып бір көрелікші. Заманды сынау, оған кінәрат тауу. ауыртпалықтың бөріні “қарғыс атқыр” заманға арту, тілдің жеткенінше, оны жерден алып, жерге салудан түк шықпайды.

Заман дегеніміз — уақыт пен кеңістіктің, ондағы тіршілікті қозғалысқа келтіретін адамдардың жиынтығын бейнелейтін дерексіз ұғым. Оны қолмен ұстап алып, түрмеге салып, сотқа тартып жазадай алмайсыз. Заман өз арнасымен аға береді. Ол анау-мынау шаң-шұңға, оппозиционерлердің кеңірдек қызарғанша айтысатын ай-қай-шуына да міз бақпайды. Заман шуды емес, нақты істі, ақылға негізделген іс-әрекетті талап етеді.

Сөз үшін заманның ағысын, оның талабын, әкелген жаңалығын түсініп қабылдап, адамдар заманның сахнасында Рим гладиаторларындай әрекет ету керек.

Бір сөзбен, түсінікті тілмен айтқанда, заманды күстөналау, құбыжық ету өзімізді, адамдарды, кеміту, солардың ақыл-ойына, жасампаздық күшіне сенімсіздік туғызу, ертеңгі болашағына күдік келтіру болып табылады.

Орыстың XIX ғасырдағы “разночинцы” деп аталған әр түрлі әлеуметтік топтардың өкілдерін біріктірген буржуазиялық-демократиялық ағым нигилистер мен скептиктерді өмірге әкелді. Ол басқа ғасыр, басқа заман еді. Ал енді бүгінгі “нигилистер” өздері отырған ағаштың бұтақтарын өздері бұтарлап тастауға тиіс емес.

Сондықтан да қазіргі отпелі кезең отап-сылып тастауды, ортеп жіберуді, су түйбіне батырып жіберуді, жалмауызша жұтып қоюды

емес, жаңа өскін көшеттерді мәпелеп өсіруді, сөйтіп заманға жаңа түр, жаңа көрік, жаңа сипат беруді талап етеді.

Қазақстанның тәуелсіз даму жолына түсіп, егемен ел болғанына он жылдан енді ғана асты. Бұл мерзім тарих үшін көп емес, шолақ, тым қысқа.

Сондықтан да ертеңнен түңіліп, өмірде болып жатқан құбылыстарға үрейлене қарап, оның бәріне баттастырып қара күйе жағып, халықтың үрейін ұшырып, ертеңге сенімін жоғалту елін, халқын сүйетін азаматтарға жарасымды қылық емес.

Керісінше, өткен ғасырдың басында, 1917 жылы, Орынборда оқып жүрген қазақ зиялылары “Қазақ” газеті арқылы жер-жерге телеграмма жіберді. Онда: “Заман жаманға айналды. Келешек қараңғы, қорқыныш зор. Осындай бүліншілік заманда аяқ асты болып, зорлықта қалмауымыздың қамын кеңесу үшін екінші жалпы қазақ сөзін шақыруға қаулы қылып, Орынбордағы оқыған азаматтар төмендегі телеграмды қазақ облыстарына һәм уездеріне беріп отыр”.

Бұл “Қазақ” газетінде (1917 ж. № 250) басылған телеграммада: Бүкіл мемлекет қазір бетімен жайылып кетті. Кешікпей талан-тараж, қырғынға айналатын түрі бар. Алалық, алты ауыздық біреуге біреу сенбеу күшейді, әр адам, әр халық өз қамын ойлап, өзін-өзі қорғайтын күн туды. Бұл болып жатқан уақиғалардың түбі неге соғатынын жалпы қазақ елі сезе қоймайтын шығар. Оқиғалардың сүреңі жаман: қам қылмай, қол қусырып отыра берсек, алдымен қазақ халқы сорлайтын түрі бар. Соның үшін біз жанымызды, малымызды қорғау жайын ойлау керек” (Ә. Бөкейханов, Шығ., Алматы, 1994, 258 б).

Ә. Бөкейханов бастаған бес адам қол қойған телеграмма жан-жаққа жөнелтілді.

Ақпан революциясынан кейін, қазақ аймақтарында орын алған аласапыран оқиғаларға алаңдаған қазақ зиялылары, бүкіл облыс пен уезден екі-екіден зиялы ақсақал мен оқыған кісілерді Орынборға 5 желтоқсанға дейін жіберуді өтініп, хабар жолдайды. Зиялы азаматтар өз халқының қамын бірігіп, ойласып шешуге ұйғарады.

Қазақ оқығандары, оздерін халықтан бөліп алып қарамады. Қазақ, халық, ел тағдырын бірінші кезекке қойды. Бұл ұлтжанды азаматтар кейін тоталитарлық жүйенің құрбаны болып кетті. Бұларды жазалау машинасының оттығы айналымға алып, турап жіберді.

Ең бастысы әрі сабақ алары — бұлар халық үшін еш аянып қалмады, білгенінше, мұршалары жеткенінше қазақ елі деп шыбын жанын пида етті. Солардың ұлтжандылығы, халықшылдығы бүгінгі ұрпаққа үлкен онеге, пір тұтар үлгі болып табылады.

Откен ғасырдың басында халық басына нәубет түсіп, қайда барарын білмей, аңырап қалғанда, ұлт тағдырын бірігіп ақылдасып шешейік деп, бір ауыздан ұйғарым жасап, қазақтың бар аймағының өкілдерін съезге шақырып, үн қатты. Ел басына дүрбелен туғанда, олар бас-басына би болып, шашырамай, бірлікке шақырды. “Жанымызды, малымызды қорғау жайын ойлау керек” деп ұран тастады.

Ал бүгін болса, елдегі оппозиционерлік күштер президент Н. Назарбаев қоғамды одан әрі демократияландыру үшін тұрақты жұмыс істейтін кеңес ұйымдастырып, онда еліміздегі хал-ахуалға байланысты пікірлерді талқылап, билік алдына көкейтесті мәселелерді ұсынуды жариялап еді, “дөңгелек үстел” керек, пікірлесетін, әрқилы ағымдардың ойын ортаға салатын институт керек деп зар қағып жүрген белгілі оппозиционерлердің өзі сызданып, керенау тарта қалды. Осындай әңгіменің керегі бар ма, дуылдасып-дуылдасып, іштегі буды шығарып, үйге барып диванға шалдығып құлай кететін, Лондондағы гайдпарктегідей желге кеткен сөздің кімге керегі бар деп, пұлдана қалды. Біз тек Елбасымен ғана сойлесеміз, өйткені бар билік сол бір кісінің қолында. Басқаларының аты бар да, заты жоқ, әншейін “қуыршақ” шенеуніктер деп соқты.

Оппозиционерлер бұл мәселеде біраз тайсақтады, жалтақтық көрсетті. Мұның екі себебі бар: біріншісі — олар шын мәніндегі оппозиционерлер емес, ешқандай әлеуметтік топтың, халықтың мүддесін қорғайды. Әншейін халықты саяси билікке жетудің құралы деп санайды. Екіншісі — олар әлі де болса, ақылдарынан аласпаған, ойлау жүйесі біршама дамыған, өздерінің қоғамдық пікірлі өзіне шұғыл тартатындай, күрделі мәселелерді қойып, оны шешудің жолдарына әзірше көпшілікті иландыра қоюға дәлелдері, тұжырымдамалары жетімсіз, ойларының мәйегі аз екенін сезінетін секілді. Осыны түсінгеннен ашық пікір айтысынан тайсақтайтын болуы мүмкін.

Қалай дегенмен де еліміздегі саяси күштер, мейлі, олар әлі де әлсіз, жете ұйымдаса, ұйымдық жағынан қалыптаса қоймаған болуы керек. Соған қарамастан, біз құрып жатқан демократиялық, оркениетті қоғам пікір таласынсыз, әр түрлі ойлардың саясат сахнасына шығып белдесуінсіз, бір-бірінің әлсіз, дертті жерлерін басынсыз заман алға баса алмайды.

Қоғамды алға жетелейтін орелі пікір мұхиттың бергі де, арғы да жағынан дайын күйінде үлкен табаққа салынып, үйтілген қара қойдың басындай алға тартыла қоймайды. Ол онтайлы озық ой,

пікірталасында ғана, айтыс-тартыста ғана суырылып шығады. Сол үшін де қоғамдағы әр алуан ойдың саяси сахнаға шығып, өзара жарысқа түсуі — заманның оңды үрдісінің белгісі. Мұндай пікірсіз, қоғамдық өмір тұнық өзен, тұйық көл сықылды. Оған жаңа су көздері құйылмайды, өзен, көл суы жаңарып, толықпайды. Керісінше, суы азайып, кермек тартып, ластанып, иістеніп кетеді. Бара-бара оны шылау, қамыс-қоға басып, суы базданып шыға келеді. Сондықтан да жаңа, тың ойлардың тоғысынсыз қоғам да сол тұйық судың кебін киеді.

Бірақ, біз пікір айтқанның, сынағанның жөні осы деп, “тисе терекке, тимесе бұтаққа” дегендей, құр дақпыртпен негізі жоқ, өмірге қатысы шамалы, орындалуы бүгін таңда еш мүмкін емес, дерексіз, бас-аяғы жоқ даурықпа сөздерді жақтап отырған жоқпыз.

Біз мынаны жете ұғып алуымыз қажет. Адам заманға тәуелді ме, әлде заман адамға тәуелді ме?

Бұл жөнінде кімнің кімге тәуелді екендігін бір сөзбен кесіп айтуға болмайды. Бірақ, бұл екеуі өзара тығыз байланыста өмір сүретіні белгілі. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Заман жасампаздық істерге толы болса, заманның рухани әлуеті, гуманистік мәні мықты болса, заманда үйлесімдік пен жаңғыртушылық, алға ұмтылған өршілдік пен батылдық басым болса, қатігездік пен жауыздыққа қоғамда орын болмаса, әркім өз қабілетіне сай еңбек етіп, соның рахатын көрсе, бала мен ата-ана арасында әрдайым түсіністік болса, әр ұрпақ өзінің ғана емес, ертеңгі жалғасының да қамын жесе, әрбір жан бір күнмен өмір сүрмей, ертеңмен, болашақпен тірлік етсе, адамға бұдан артық не керек. Оның ежелгі арман-мүддесі осындай заманға жету емес пе? Біздің Асан қайғы атамыз өзінің желмаясына мініп алып, осындай жерұйықты қанша іздегенімен ақыры оны таба алмай, дүниеден озған жоқ па еді? Пейіш-жерұйық армандағанмен, қиялдап аңсағанмен қолға түспейді. Ол үшін Обломовша, пеш үстінде пырылдап ұйықтай бергенмен, Ә. Нұрпейісовтің Судыр Ахметінше, сылдыр сөзбен қу бастан сары май айырғанмен ештеңе шықпайды. Жерұйықтың орнауы, Заманның армандағандай деңгейге көтерілуі өзімізге — қоғамның мүшелеріне тікелей байланысты. Сондықтан да заманның түзелуі, жаңаруы жоғарыдан түсетін пәрменге, жасағанға жалбарынып, көктен немесе өміршілерден көмек-жәрдем, рақым күткенге ешбір қатысы жоқ. Заман тағдыры, оның нұрлы шағы адамдарға ғана, оның жасампаздық күшіне, кемел ақыл-ойына, рухани әлуетіне ғана тәуелді.

Сол себептен де заманның болашағын ойлау қоғамның екі бірдей шешуші жағын қатар дамытуға тікелей байланысты. Материалдық игіліктерді өндіру, яғни экономиканың шешуші рөлін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, оны қоғамның негізгі құнды капиталы — адамның жеке басының факторынан бөліп қарауға тағы болмайды. Өйткені, экономиканың өзі адамның жетілуі деңгейімен тікелей сабақтас. Адамды дамытпайынша, оның табиғи толысуын қамтамасыз етпейінше, денсаулығын, физикалық күш-қуатын күшейтумен бірге, оның санасын, ойлау, сезім, түйсік жүйелерін жетілдіріп, адамның сыртын да, ішін де сұлуландырып, тың мазмұнмен байытып, адамның биік парасаттылығын тәрбиелеп, өзіміздің гуманизмге жеңдіріп, адамсүйгіштікке баулу — бүгінгі басты міндет болып отыр. Сондықтан да біз — тәуелсіз Қазақстанның азаматтары — еліміз ел қатарлы ел болуы үшін, неге ұмтылуымыз керек? Біз, өзіміз, осы қандай болуымыз керек? Осы сұрақ әркімді-ақ ойландыруы қажет. Бұған жауапты алыстан іздемей-ақ, өзіміздің Абайдың мұрасына тереңірек үңіліп, тағы бір оқып көрелікші. Данышпан ақын өз ұрпағына мол өсиет қалдырған. Соларды терең түсініп, басшылыққа алсақ, өркениеттің негізгі талаптарының үдесінен шығатынымыз сөзсіз.

Сонымен елдігіміздің абыройын асыру үшін не істеу керек? Адами, азаматтық деңгейімізді жаңа биікке көтеру керек. Ол үшін, ең алдымен, адал, онімді еңбек ете білу керек. Бұл қол еңбегі бола ма, ой еңбегі бола ма бәрібір. Мәселе — сол тапсырылған істі арыңмен, ынта-жігеріңмен, барыңмен атқару. Еңбектен жалтарып, алдау-арбау жолымен байимын, доулет жинап, шалқимын дегеннің бәрі — бос сөз.

Екіншіден, қомағайлықтан, қорқаулықтан, қатігездіктен, тойымсыздықтан, дүниеқоңыздықтан сананы арылту керек. Мұның өзі — оңай шаруа емес. Бұл — санаға терең сіңген қасиет. Санаға шым-шымдап кіріп, адамның он-бойын жайлаған бұл дерттен бірден құтылу мүмкін емес. Сондықтан да сананы тәрбиелеу, жаңа дағдыға бұру, үйрету ұзақ мерзімді қажет етеді. Бұл — жалғыз мемлекеттің міндеті емес, бүкіл қоғамның шаруасы. Бұлар бірлесіп, жалықпай-талмай жұмыс істегенде ғана нәтиже шығады. Окініштісі сол — ресми саясатта жеке адамның тәрбиесіне сырттан қол сұға бермеу керек, бұл адамның құқығын бұзу, оны шектеу деген жаңсақ ұғымның ұшқыны сезіледі. Бұл — қате. Тәрбиені мемлекет неілігінен біржола алып, оны жекешелендіруге болмайды. Оны мемлекеттен де, қоғамнан да ара-жігін ажыратып, жеке адамның тәрбиесі тек отбасының ісі деп қарау дұрыс емес. Аға буын жас-

тарға сәл ақыл-кеңес айта бастаса-ақ болды, бұған жастар да күдіктеніп қарайтын болды. Өйткені олар күнделікті экраннан, кітаптан, баспасөзден оқып та, естіп те жүр. Жеке адамның құқығы бәрінен жоғары, оны шектеуге, оған қиянат жасауға, сырттан араласуға ешкімнің құқығы жоқ. Мектеп болса — білім ғана береді, әліппені үйретіп, жазу-сызуды, тілді, есепті, компьютерді үйретеді. Тарихты, географияны, химияны оқытады. Қалғаны — оқушының өз жұмысы секілді. Тіпті мектептердегі тәрбие жұмысымен айналысатын директордың орынбасарын да штаттан қысқартып тастады. Құқық қорғау органдарының мектеппен жұмыс істейтін қызметкері де жайына қалды.

Тәрбие енді көшенің, ауланың, дискотеканың еншісіне тиді. Ал шындығында, ол бүкіл өкіметтің, қоғамның басты назарында болуы керек. Өзірше бұл сөз жүзінде қалып отыр. Мектеппен жұмыс істейтін министрлік басшыларының аузынан ана тілін оқытуға күш салып жатырмыз, түрлі пәндік конкурстардың жеңімпаздарын көп даярлап жатырмыз, мектепті компьютерлендірудеміз және т. т. көп айтылады. Ал босансып, жүйесінен айрылып қалған балалар тәрбиесін қалай жетілдіреміз, тәрбие ісіндегі мұғалімнің ролін қалай қалпына келтіреміз, бұл жайы назардан тыс қалуда. Мектепте мұғалімнің оқушылар алдындағы күдіретін, бір сөзбен айтқанда, мұғалімнің жеке басына табынатындай оның мінсіз имиджін (культ учителя) қалыптастырмайынша, мұғалім сөзі оқушы үшін құран сөзіндей қадірлі болмайынша, бала тәрбиесі оналмайды. Бұл — жалғыз мектеп ұжымының жұмысы емес, бүкіл биліктің, жалпы көпшіліктің ісі.

Билік, қоғам, ата-ана бала тәрбиесін мұғалімнің мінсіз бейнесі арқылы үлгі-өнегеге үйрете алады. Бала бірденеге сенгенде, үлгі еткенде, табынғанда ғана тәрбиеге көнеді. Оны таяқтың күшімен, күнделікті ұрып-соғумен, жекірумен жөнге сала алмайсың, өзі табынған, көміл сенген, сүттен ақ періште мұғалімдерінің сөзіне ғана бала сенгіш келеді. Ол үшін мұғалім жай ғана өз пәнін білетін ұстаз ғана емес, шәкірттері табынатындай биік тұлға болуға керек. Ол сөзімен де, ісімен де, қылығымен де, білімімен де, мінезімен де, тазалығымен де, әділдігімен де елдің бәрінен (әрине, оқушысының көзімен қарағанда) жоғары тұруы керек. Сонда ол еліктегіш, жаңалыққа құмар жас санаға оңды ықпал ете алатын тұлға болмақ. Мұғалімнің көмегінсіз бала тәрбиесін жолға қоя алмаймыз. Бұл — мұғалімді фетишке, идолаға айналдырғандық емес, бұл — объективтік жағдайдан туындайтын құбылыс. Өйткені бала әсершіл, қабылдағыш, еліктегіш кезде, он жыл бойы, мектеп мұғалімдерінің ықпалында болады. Күн сайын олармен қарым-қатынас жасайды,

күнде көреді, күнде кездеседі, күнде сөйлеседі. Мұның бәрі оқушыларға ықпал етуге көп мүмкіндік береді. Ұяда не көрсең, өскенде соны істейтін боласың. Сондықтан да мұғалімнің мәртебесін көтеру — тәрбиені жақсартудағы шешуші қадам болмақ. Бұл — мемлекеттің, қоғамның ортақ ісі.

Адам сондай-ақ тоғышарлықтан, жатыпшіерліктен, арамтамақтықтан, сұраншақтықтан, жебірліктен құтылуы керек. Тағы бір кеселден — рақымсыздықтан, желбуаздықтан, қайырсыздықтан арылу қажет. Адам жағымпаздықтан, аярлықтан, өтірік мақтанудан, орынсыз есіруден сақ болу керек. Мақтаншақтық, мылжыңдық, қысыр сөзге құмарлық, желбуаздық, көрсеқызарлық та адамға еш пайда бермейді. Осы жағымсыз мінез-құлықтан арылғанда адам пендешіліктен жоғары биіктеп, тамаша тұлғаға айналады. Мұндай тұлғалары көп қоғам — бақытты қоғам.

Неден арылу керек екенін өзім ойлап тауып отырған жоқпын. Мұның бәрін мен Абайдан алдым. Ақын шығармаларын қолыма қалам алып, зерделеп қайта оқып шықтым. Сонда тапқандарымды қайталап еске салып отырмын. Сенбесеңіздер, Абайдың “Ғылым таппай мақтанба”, “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым”, “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат”, “Интернатта оқып жүр”, “Сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе қызар, жалмауыз, сорлы қазақ сол үшін, алтыбақан алауыз”, “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” және т. б. өлеңдерін қайталап оқып көріңізші. Бәрі сонда айтылған.

Абайдың айтқанын істесек, жаман болмайтын сияқтымыз. Бірақ, соны шала ұғып жүргендейміз. Сөзінің сыртын ұғып, ішіне үйілмейтін сияқтымыз. Ақын мұрасында өмір философиясының бәрі айтылған. Ал біз болсақ, қолдағыны көрмей, жаңа Американы іздеп, өуре-сарсаңға түсіп жүрміз.

Барды игеріп, бойға терең сіңіріп алып, сонан кейін мұхиттың арғы-бергі жағына қол созған абзал сияқты. Ұлттық идея деген асыл тас көз алдымызда, өз қолымызда жатыр. Ал біз болсақ, онда мұнда шапқылап, арпалысып іздеу салып жүрміз. Барды базарлап алған жөн сияқты. Қалғанын тағы көріп алармыз. Заманды оңалту үшін, құлпыртып жаңғырту үшін осы белестен бір асып алайықшы.

Қарапайым қазақи философияны игере алмай жатып, футурология мен астрологияға табынбай қоя тұрғанымыз жөн сияқты.

Заманды алға бастыру үшін адамдардың өздері алға басуы керек. Олар тазарып, аяқты кері тартатын көң-қоқыстардан арылулары керек. Бір сөзбен айтқанда, ХХІ ғасыр адамы — жаңа заман адамы — өркениеттің жаңа сатысына көтерілуі керек.

Бұл үшін адам баласы үнемі даму, жетілу, жаңару үстінде болуға тиіс. Жаңару деген іздену, тер төгу, жаңа сапаға ие болу деген сөз. Бізде әлі де болса, іштей жаңармай, жаңғырмай, тек заманға сай сыртқы киім модаларын өзгертіп киюді, мерзімге сәйкес галстук тағуды, заман әкелген жаңалықтың түпкі мәнін түсінудің орнына сыртқы нобайын ғана қабылдап, жадағай еліктеумен әуестенушілер арамызда аз емес. Заманға сай болуды сырттай еліктеу, косметикалық әрлену деп түсіну жиі кездеседі. Осы орайда А. Чеховтың “Драматург” деген әңгімесінің кейіпкері еске түседі. Ол ауырып дәрігердің қабылдауына келеді. Одан кім болып істейсіз, деп сұрайды. “Драматургпын”, — деп жауап береді ол. Бұл кәсіптің иесі немен шұғылданады, — деп мамандықтың қыр-сырын білгісі келеді дәрігер. Сонда пациент өз кәсібінің жайын баяндап береді. “Француз немесе неміс тілдерінде жазылған кейбір дүниелер қолыма түседі. Соларды әпкеме апарып беремін немесе бес сомдық күміс теңгеге студенттерді жалдаймын. Олар маған оны аударып береді. Ал мен болсам, орысша қалыпқа түсіремін, шетелдік фамилияларды орыс аттарымен алмастырамын және т. б. бірдеңелерді енгіземін. Білсеңіз, бар болғаны — осы. Бірақ, мұның өзі өте қиын. Ох, несін айтасың, өте қиын шаруа”, — деді пациент (Қараңыз: А. Чехов, шығ., 5 т, 430 бет).

Біздің де кейбір шешім дайындаушылар, заң қабылдаушылар да осы әуесқой қаламгерді еске салады. Олар да басқа елдердегі осы тақілеттес құжаттарды алып, тәржімелеп, құрап-сұрап заң, қаулы жазған болады.

Өмірдің өзінен алынып, жергілікті ерекшеліктерді жете ескермегендіктен, олар өмірмен ұштаспай, кереғар болып жатады. Көп уақыт өтпей-ақ, 2-3 айдан соң оған өзгерістер, толықтырулар қосып әуре болады. Жазған заңдары бір жылға да шыдас бермейді. Мұның бәрі өмір тасқынының ұшқырлығынан ғана емес, заңды дайындаудағы тәжірибесіздіктен, шалағайлықтан болып жатқан кемшіліктер. Түптеп келгенде, мұның себептері — асығыстықта, іс атүсті қараушылықта, байыптылықтың жетіспеуінде деп түсінген жөн.

Сонымен заман мен біз өзара тығыз байланыста екенімізді аңғардық. Біріне-бірі, мейлінше, оң ықпал етеді. Бірінсіз бірін толық түсіну мүмкін емес. Қашан заман асқак, айбарлы болғанда, оның тарихи сахнасындағы адамдар да кесек тұлғалы, рухты болады. Рухы күшті, аруағы мықты адамдар жасасын! Заманы өздеріне сай болсын! Барлық тілек — осы.

ақпан, 2003 жыл.

ЕЛ БІРЛІГІ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Сәуір аяқталып, тізілген қаздай жайлап басып мамыр келді. Бірінші мамыр — бұрын да, қазір де үлкен мереке. Бұрын дүниежүзі еңбекшілерінің ынтымақтастық күні ретінде тойланып келді. Енді Қазақстан халықтарының бірлігі күні. Бұрынғы мейрамның таптық сипаты бетке ұрып, еңбекшілердің ғана туысқандығы дәріптелетін. Бүгінгі мамыр Қазақстанның бүкіл халықтарының бірлігін наш етеді. Олардың ара-жігін ажыратпайды, халық әр түрлі ұлттан, әр түрлі адамдардан құралады. Жаңа мейрам солардың бірлігін қуаттап ұлықтайды. Бұл күнде бір ұлттан құралатын ел, мемлекет әлемде сирек кездеседі. Бәрі араласып, шатысып-бітісіп кеткен, түрлі кәсіппен шұғылданады, бірі дене еңбегімен, бірі ой еңбегімен тіршілік етеді. Қоғамның әлеуметтік бір тобының ғана ынтымағы жарасуын мадақтасақ, ел бірлігіне жетісе аламыз ба? Әрине, жоқ. Сондықтан да қазіргі таңда, өркениетті әлемде халықтардың бірлігі, өзара ынтымағы мен туыстығы — бүкіл ғаламдық мәселе болып отыр.

Бұл мәселенің айрықша мәнділігін, өзектілігін Елбасымыз да жалықпай алға тартып келеді. Қалай айтқанда, ел бірлігі, халықтардың ынтымағы — біздің жас егемен еліміз үшін қасиетті мұраттардың бірі.

Бұл сөзді Елбасы ғана емес, бәріміз де: саяси партия мен қозғалыс өкілдері де жиі айтып жүр. Барлық мінбелерден, жиын-тойлардан бұл уағызды үнемі естиміз. Бұл сөзді неге жиі әрі бәріміз бірдей айтамыз? Сонда бұл сөздің ішкі мәнін, себеп-салдарын біліп айтамыз ба, әлде дақпыртпен бората береміз бе? Ел бірлігін түсініп, тұшынып айтсақ, кейде сол бірлікке сына қағатын жайларға неге оп-оңай бара береміз, кейбір сөзіміз бен іс-қимылымыздың сол бірлікке кері әсер етіп жататынына неге мән бермейміз? Олай болса, ел бірлігін жете түсініп, терең бағалап-байымдап жатпайтынымыз да шындық-ау деген ой келеді.

“Ел бірлігі” деген тіркестің түпкі мәніне, астарына, мазмұнына үңіліп көрелікші. Ел бірлігі не үшін керек және ол ең алдымен кімге керек? Бәлкім, ол қайда болса да аузынан тастамайтын Елбасына ғана керек болар? Озінің шаруасын оңайлатып, дау-дамаймен бас қатырмай, өзінің жеке басының жан рақатын күйттеп жүруі үшін ғана керек болар? Ел бірлігі жеке адамның тыныш, шыбынсыз жазда алаңсыз өмір сүруі үшін қажет болса, онда есті деген көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың бәрі ел бірлігін ойлап, да-